

"Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 ақпандағы № 71 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 236 бұйрығын қараңыз.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының
С. Ахметов
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 10 ақпандағы
№ 71 қаулысымен
бекітілген

«Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ИМ) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы немесе www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған, сондай-ақ порталға жүгінген сәттен бастап:

лицензия берген кезде – 15 (он бес) жұмыс күнінен кеш емес;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 10 (он) жұмыс күнінен кеш емес;

лицензияның телнұсқасын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат берілетін ең ұзақ уақыт – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – күзет қызметімен айналысу құқығына заңды тұлғаларға берілген лицензия, оны қайта ресімдеу, лицензия телнұсқасы не көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны беруден бас тарту туралы дәлелді жауап. Лицензияны қағаз жеткізгіште алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жүгінген жағдайда лицензия электрондық форматта ресімделеді, басылып шығарылады және мөрмен әрі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қолымен куәландырылады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы болып табылады. «Салық және

бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 67-тарауына сәйкес күзет қызметін жүзеге асыруға мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушылардан қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алты айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) көлемінде лицензиялық алым (бұдан әрі – лицензиялық алым) а л ы н а д ы .

Көрсетілетін қызметті алушылар күзет қызметін жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеген кезде лицензиялық алым лицензияны беру кезіндегі мөлшерлемеден он пайыз көлемінде, бірақ лицензиялық алымды төлеу күніне белгіленген төлемнен төрт АЕК-тан көп емес мөлшерде алынады.

Лицензияның телнұсқасын алған кезде лицензиялық алым лицензияны беру кезінде лицензиялық алымды төлеу күніне белгіленген мөлшерлемеден жүз п а й ы з м ө л ш е р і н д е а л ы н а д ы .

Алым сомасы лицензиялық алым көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша бюджетке лицензиарға тиісті құжаттарды бергенге д е й і н т ө л е н е д і .

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда, төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) а р қ ы л ы ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

8 . Ж ұ м ы с к е с т е с і :

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13-00-ден 14-30 дейін түскі үзіліспен сағат 9-00 - д е н 1 8 - 3 0 д е й і н .

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) л и ц е н з и я ү ш і н :

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан б о й ы н ш а ө т і н і ш ;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);

көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес мәліметтер мен құжаттар:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес

мәліметтер

нысаны;

еңбек кітапшасының көшірмесі;

психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлердің медициналық анықтамасы;

өз қызметінде қару мен оқ-дәрілерді пайдаланатын жеке күзет ұйымдарында оларды сақтауға арналған үй-жайлар (не белгіленген талаптарға жауап беретін үй-жайларда оларды сақтауға арналған шарт) болған кезде: сақтау және/немесе жалға алу шартының көшірмесі қажет;

2) лицензия бар қызмет түрінің шеңберінде лицензияны қайта ресімдеу үшін мынадай құжаттар қажет:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);

3) лицензия жоғалған, бүлінген кезде көрсетілетін қызметті алушы порталдағы тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтерді алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті берушіге лицензияның телнұсқасын алу үшін жүгінеді және мынадай құжаттарды ұсынады:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы, лицензия туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.

Портал арқылы жүгінген кезде:

1) лицензия үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

сұрау салуға тіркелетін еңбек кітапшасының электрондық көшірмесі;

сұрау салуға тіркелетін психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлердің медициналық анықтамасының электрондық көшірмесі;

өз қызметінде қару мен оқ-дәрілерді пайдаланатын жеке күзет ұйымдарында оларды сақтауға арналған үй-жайлар (не белгіленген талаптарға жауап беретін

үй-жайларда оларды сақтауға арналған шарт) болған кезде:
сұрау салуға тіркелетін сақтау және/немесе жалға алу шартының электрондық
к ө ш і р м е с і қ а ж е т ;

төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілмеген жағдайда сұрау салуға тіркелетін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен белгіленген лицензия үшін мемлекеттік баждың төленгендігі туралы түбіртектің электрондық көшірмесі;

2) лицензия бар қызмет түрінің шеңберінде лицензияны қайта ресімдеу үшін
м ы н а д а й к ұ ж а т т а р қ а ж е т :

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық
қ ұ ж а т н ы с а н ы н д а ғ ы ө т і н і ш ;

төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілмеген жағдайда сұрау салуға тіркелетін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен белгіленген лицензия үшін мемлекеттік баждың төленгендігі туралы түбіртектің электрондық көшірмесі;

3) лицензия жоғалған, бүлінген кезде көрсетілетін қызметті алушы порталдағы тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтерді алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті берушіге лицензияның телнұсқасын алу үшін жүгінеді және мынадай құжаттарды ұсынады:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық
қ ұ ж а т н ы с а н ы н д а ғ ы ө т і н і ш ;

төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілмеген жағдайда лицензия телнұсқасы үшін мемлекеттік баждың төленгендігі туралы түбіртектің электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы, лицензия туралы, соттылығының жоқтығы туралы анықтама, қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылмағандығы туралы анықтамалар туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті көрсетушінің қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну үшін сұрау салудың қабылданғандығы туралы мәртебе жолданады.

1 0 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен осы санаттағы субъектілер үшін тыйым салынған қызмет түрімен айналысуы;

2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның е н г і з і л м е у і ;

3) көрсетілетін қызметті алушының қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес к е л м е у і ;

4) көрсетілетін қызметті алушының келісуші мемлекеттік органның лицензия беруге келісім хатын ұсынбауы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

6) сот орындаушысының ұсынысы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия беруге тыйым салуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады.

Порталда қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінде» электрондық құжат нысанында алады.

3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның уәкілетті лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым:

1) Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжай бойынша тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

2) Министрліктің Әкімшілік полиция комитеті басшысының атына;

3) Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда электрондық түрде, не болмаса көрсетілген қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны белгілеу және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті көрсетушінің б а с ш ы с ы н а ж і б е р і л е д і .

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Портал арқылы электрондық шағым жібергін кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» көрсетілетін қызметті берушінің шағымды өңдеуі барысында (шағымның жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы, қаралуы немесе қараудан бас тартылуы туралы белгілер) жаңартылатын ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету сапасына бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталда «жеке кабинеті арқылы», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы ақпарат Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығының телефоны (1414) арқылы ұсынылуы да мүмкін.

«Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 1655 қаулысымен
бекітілген
Нысан

**Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны
алуға арналған өтініші**

_____ (лицензиардың толық атауы)

_____ (заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_____ қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі (-лері) көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз
ж е т к і з г і ш т е

_____ (лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда Х белгісін
к о ю к е р е к)
б е р у і н і з д і с ұ р а й м ы н .

Заңды тұлғаның мекенжайы _____
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы,
елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат
(стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары) _____
(пошталық индексі, облысы, қаласы,
ауданы, елді мекені, көше атауы,
үй/ғимарат (стационарлық үй-жай)
нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр

О с ы м е н :

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып
табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға

қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сотпен тыйым салынбағандығы; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны Толтырған күні: 20__ жылғы «__» _____

«Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

Мәліметтер нысаны лицензия бойынша (күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру)

1. Жалпы ақпарат

1. _____
(бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

2. _____
(салық тіркеу нөмірі)

3. _____
(заңды тұлғаның атауы)

2. Күзет ұйымының басшысына, сондай-ақ олардың филиалдарының басшыларына қойылатын біліктілік талаптары туралы мәліметтер

4. _____
(мамандығы мен біліктілігі)

5. _____
(лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі туралы дипломның №)

6. _____
(дипломның берілген күні)

7. _____
_____ (оқу орнының атауы)
8. _____
(жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың/жеке еңбек шартының нөмірі)
9. _____
(жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың/жеке еңбек шартының күні)
10. _____
(арнайы бағдарлама бойынша даярлық курстарынан өтуі туралы
к у ә л і к т і ң №)
11. _____
(арнайы бағдарлама бойынша курстардан өтуі туралы куәліктің
б е р і л г е н к ү н і)
12. _____
(даярлау және біліктілігін арттыру бойынша мамандандырылған оқу
о р т а л ы ғ ы н ы ң а т а у ы)
13. _____
(даярлау және біліктілігін арттыру бойынша мамандандырылған оқу
_____ орталығының заңды мекенжайы)
14. _____
(психоневрологиялық диспансерден медициналық анықтаманың №)
15. _____
(психоневрологиялық диспансер анықтамасының берілген күні)
16. _____
_____ (денсаулық сақтау ұйымының атауы)
17. _____
(наркологиялық диспансерден медициналық анықтаманың №)
18. _____
(наркологиялық диспансер анықтамасының берілген күні)
19. _____
_____ (денсаулық сақтау ұйымының атауы)
20. _____
(соттылығы жоқтығы туралы анықтаманың №)
21. _____
(соттылығы жоқтығы туралы анықтаманың берілген күні)

3. Уәкілетті органның келісуі туралы мәліметтер

22.

_____)
(Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің келісу хатының №)

23.

_____)
(Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің келісу хатының күні)

4. Лицензиялық алымды төлеу

24.

_____)
(төлем сомасы)

5. Құжаттарды қоса беру (қосымша)

25.

_____)
(төлем түбіртегінің №)


6. Тапсырысты қабылдаған лауазымды адамның жауапкершілігі

26.

_____)
(тапсырысты беру күні)

_____/_____
Тапсырысты қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә қолы

«Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметін алудың сызбасы («электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы)



«Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметін алудың сызбасы (көрсетілетін қызмет берушіге жүгінген жағдайда)



«Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу тәртібі туралы қызметті алушының жадынамасы

Көрсетілетін қызметті беруші – облыстардың және Алматы, Астана қалаларының ішкі істер департаменттері (бұдан әрі – уәкілетті орган);

Жұмыс кестесі - қабылдау кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және тездетіп қызмет көрсетусіз, әрбір дүйсенбі және бейсенбі күндері, сағат 9-00-ден 18-00 дейін сағат 13-00 ден 14-30 дейін түскі үзіліспен жүзеге асырылады, порталда – тәулік бойы;

Интернет-ресурс - www.mvd.gov.kz.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет уәкілетті органның ғимаратында көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ішінара автоматтандырылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттарды тапсырған сәттен бастап және лицензия алғанға дейін он бес жұмыс күні

Лицензия алу үшін мынадай құжаттарды:

1) уәкілетті органға:

Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысан бойынша өтініш;

жарғының және анықтаманың не болмаса алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін (салыстыру үшін түпнұсқалар ұсынылмаған жағдайда нотариалдық куәландырылған);

алушыны салық органында есепке қою туралы куәліктің көшірмесін (салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалдық куәландырылған);

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін (салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалдық куәландырылған);

тиісті ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны мен күзет қызметін жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес құжаттар ұсыну қажет.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылатын жарғының және анықтаманың не болмаса заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, салық органында есепке қою туралы куәліктің, бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмелерін уәкілетті орган Портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

2) Порталда:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама не болмаса куәліктің көшірмесін;

салық органында есепке қою туралы куәлік;

ЭҮТШ арқылы бюджетке лицензиялық алым төленгені туралы ақпарат;

тиісті ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны және күзет қызметін жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес құжаттар.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылатын жарғының және анықтаманың не болмаса заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, салық органында есепке қою туралы куәліктің, бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмелерін уәкілетті орган Портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

↓

Заңды тұлғаларға күзет қызметімен айналысу құқығына электрондық құжат нысанында уәкілетті орган бастығының немесе оның орынбасарының ЭЦҚ-мен куәландырылған лицензия, қайта ресімделген лицензия, лицензияның телнұсқасы берілген, не болмаса лицензия беруден бас тарту себептері туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып табылады. Заңды тұлға лицензияны қағаз тасымалдағышта алу туралы өтініш білдірген жағдайда, лицензия электрондық форматта ресімделеді, басылып шығарылады әрі мөрмен және уәкілетті орган басшының немесе оның орынбасарының қолымен куәландырылады.

↓

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушы Бірыңғай байланыс-орталығына 1414 телефоны арқылы өтініш білдіреді.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

1 0

а қ п а н д а ғ ы

№

7 1

қ а у л ы с ы н а

қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 маусымдағы № 764 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 55, 759-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 және «Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 маусымдағы № 764 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1790 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 8, 175-құжат).

3. «Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 маусымдағы № 764 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 наурыздағы № 287 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 22, 362-құжат).

